

**«Тракторлар және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдер, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдер, сондай-ақ өтімділігі жоғары арнайы машиналар үшін тіркеу құжатын (телнұсқасын) және мемлекеттік нөмірлік белгі беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтің паспорты**

1	<b>Көрсетілетін қызметті беруші</b>	Аудандық және Орал қалалық ауыл шаруашылығы бөлімдері мен «электрондық үкіметтің» <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> веб-порталы (бұдан әрі – портал).
2	<b>Көрсетілетін қызметті тұтынушылар</b>	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жекежәне заңды тұлғаларға көрсетіледі
3	<b>Көрсетілетін қызметтің нысаны</b>	Электрондық (ішінара автоматтандырылған) немесе қағаз түрінде.
4	<b>Көрсетілетін қызметті ұсыну орны</b>	1.«Электрондық үкіметтің» <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы 2. Аудандық және Орал қалалық ауыл шаруашылығы бөлімдері.
5	<b>Көрсетілетін қызметті ұсыну тәртібі</b>	1.Порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады). 2.Аудандық және Орал қалалық ауыл шаруашылығы бөлімдері -еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі – жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.
6	<b>Қажетті құжаттар</b>	1.Аудандық және Орал қалалық ауыл шаруашылығы бөлімдеріне жүгінген кезде: 1) Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылдың 6 мамырындағы № 4-3/421 «Техникалық инспекциясы саласындағы мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарын бекіту туралы» бұйрығының (бұдан әрі-стандарт) қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) жеке басты куәландыратын құжат, ал адамның өкілі үшін – оның өкілеттілігін растайтын құжат, сондай-ақ жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін);

3) машинаны мемлекеттік тіркегені, қайта тіркегені немесе тіркеу құжатының телнұсқасын бергені үшін алымдардың төленгені туралы құжат;

4) шарттың (сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту, қарыз) түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі, соттың шешімі немесе меншік құқығын растайтын өзге де құжаттар;

5) машинаның тіркеу құжаты және мемлекеттік нөмірлік белгісі үшін мемлекеттік баждардың төленгенін растайтын құжат;

6) жаңа және қолдан жасалған машиналарға немесе Қазақстан Республикасы аумағына әкелінген машиналарға арналған Қазақстан Республикасының сәйкестік сертификаты немесе оның қауіпсіздік техникасының белгіленген талаптарына сәйкестігін растайтын басқа да құжат;

7) мемлекеттік кіріс органы куәландырған тауарға арналған декларацияның көшірмесі (машинаны шетелден сатып алған жағдайда).

Меншік иесінің немесе иеленушінің атынан тіркеу іс-қимылдарын өкілдері жүзеге асырған жағдайда, тіркеу пунктіне осы тармақта белгіленген құжаттармен бірге меншік иесінің немесе иеленушінің мүдделерін білдіру өкілеттілігін куәландыратын құжаттар ұсынылады.

Егер, мемлекеттік тіркеуге Қазақстан Республикасында бұрын мемлекеттік тіркеуде болған машина ұсынылса, онда тіркеу пунктіне осы тармақта белгіленген құжаттармен бірге бұрынғы тіркеу құжаттары ұсынылады, алайда, аталған құжатты ұсынбау мемлекеттік тіркеуді жүргізуден бас тартуға негіз болып табылмайды.

Егер, тіркеу іс-қимылдары жүргізілетін машина ортақ меншікте болған жағдайда, тіркеу құжаттарында барлық меншік иелері көрсетіледі және құжаттар барлық меншік иелерінің атынан беріледі. Жеке тұлғаларды ортақ меншіктен шығаруға нотариалды куәландырылған мәміле негіз болып табылады.

Егер, меншік иелері 14 жасқа толмаған, кәмелеттік жасқа жетпеген азаматтар болса, олардың атынан тіркеу іс-қимылдарын туу туралы куәлікті ұсына отырып, ата-аналары

(бала асырап алушылар) немесе қорғаншылық және қамқоршылық органдары жасайды. Меншік иелері 14-18 жастағы адамдар болған жағдайда, тіркеу іс-қимылдарын туу туралы куәлікті ұсына отырып, ата-аналарының (бала асырап алушылардың) немесе қорғаншылық және қамқоршылық органдарының жазбаша келісімімен осы адамдар жасайды.

Жеке және заңды тұлғалардың аукциондардан және сауда биржаларынан сатып алған машиналарын тіркеу пунктіне уәкілетті адамдардың қолымен және мөрімен расталған аукционның хаттамасы мен сатып алу-сату шарты ұсынылғаннан кейін жүргізіледі. Меншік иелері болып табылмайтын тұлғаларға машиналарды мемлекеттік тіркеуді қоса алғанда, тіркеу іс-қимылдарын жүзеге асыру үшін тіркеу іс-қимылдарының бастамашылары жеке және заңды тұлғаларға белгіленген құжаттармен бірге тіркеу пунктіне шарттардың (жалға беру, қосалқы жалға беру, лизинг, қосалқы лизинг, кепіл) және машинаны қабылдау-тапсыру актісінің түпнұсқасы мен көшірмесін немесе машинаны иелену құқығын растайтын өзге де құжатты ұсынады. Сондай-ақ, тіркеу іс-қимылдарының бастамашылары тиісті тіркеу іс-қимылдарын жасауға меншік иесі (жеке тұлғалар үшін) немесе мөрмен расталған, заңды тұлғаның бірінші орынбасары (заңды тұлғалар үшін) қол қойған машина иесінің жазбаша келісімін ұсынады;

8) көлік құралдарына салық төленгенін растайтын құжат не көлік құралдарына салық төлеуден босатылғанын растайтын құжат – жеке тұлғалар үшін.

Сондай-ақ, көрсетілетін қызметті алушы немесе оның өкілі мемлекеттік қызметтің көрсетілуі үшін мынадай жағдайларды қоспағанда, машинаны ұсынады:

оның кәдеге жаратылуы (жарамсыз деп тану, есептен шығару);

машинаны тіркеу пунктіне қарап-тексеру үшін әкелуге кедергі келтіретін объективті мән-жайлар (сынуы, габариттері және (немесе) техникалық сипаттамалары мүмкіндік бермейді) болған кезде, машина тұрған жерде инженер-инспектор жасаған машинаны техникалық қарап-тексеру актісін ұсынуға жол беріледі, бұл ретте осы актінің қолданылу мерзімі күнтізбелік 30 (отыз) күнді құрайды.

2. Порталға жүгінген кезде:

осы стандартқа қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында өтініш;

		<p>машинаны тіркеу құжатының (техникалық паспорттың) электрондық көшірмесі. Жеке басын куәландыратын, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттардың мәліметтерін, көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден «электрондық үкімет» шлюзі арқылы алады.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде: көрсетілетін қызметті берушіге (қолма-қол не почта байланысы арқылы) – қағаз жеткізгіштегі өтініштің қабылданғанын растау оның көшірмесінде құжаттар топтамасын қабылдау күні мен уақыты көрсетіле отырып, тіркеу туралы қойылған белгі болып табылады;</p> <p>портал арқылы – көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.</p>
7	<p><b>Көрсетілетін қызметтің құны мен ақы төлеу тәртібі</b></p>	<p>Мемлекеттік қызметті көрсеткені үшін көрсетілетін қызметті алушы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) белгіленген тәртіппен бюджетке мемлекеттік баж төлейді.</p> <p>Мемлекеттік баж мөлшері:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) машинаға техникалық паспорт бергені үшін – мемлекеттік бажды төлеу күніне белгіленген 0,5 айлық есептік көрсеткішті (бұдан әрі – АЕК);</li> <li>2) тіркеу (қайта тіркеу) үшін – 0,25 АЕК-ті;</li> <li>3) машинаға мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісін бергені үшін – 1 АЕК-ті құрайды.</li> </ol> <p>Мемлекеттік бажды төлеу екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы жүзеге асырылады.</p>
8	<p><b>Көрсетілетін қызметті көрсету мерзімі</b></p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде – күнтізбелік 5 (бес) күн;</li> <li>2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут;</li> <li>3) қызмет көрсетудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут;</li> </ol> <p>Көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде</p>

		ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.
9	<b>Көрсетілетін қызметті көрсету нәтижесі</b>	тіркеу құжаттарын (телнұсқаларын) және мемлекеттік нөмірлік белгілерді беру. Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімдерде өтінішті әрі қарай қараудан жазбаша дәлелді бас тарту береді. Көрсетілетін қызметті беруші берілген рұқсаттар туралы мәліметтерді «Е-лицензиялау» мемлекеттік дерекқоры» ақпараттық жүйесіне енгізеді.
10	<b>Нормативтік-құқықтық актілер</b>	Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылдың 6 мамырындағы № 4-3/421 «Техникалық инспекциясы саласындағы мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарын бекіту туралы» бұйрығы
11	<b>Қосымша ақпарат</b>	Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасының интернет ресурстарында selhoz-bko.gov.kz және 8-7112-51-54-46 телефонынан Аудандық және Орал қалалық ауыл шаруашылығы бөлімдері мемлекеттік мекемелерінен алуға болады. Министрліктің интернет ресурстарында - <a href="http://www.minagri.gov.kz">www.minagri.gov.kz</a> .

**Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша аудандық және Орал қалалық ауыл шаруашылығы бөлімдері және (немесе) олардың лауазымды адамдарының, (немесе) қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша аудандық және Орал қалалық ауыл шаруашылығы бөлімдері (бұдан әрі-бөлім) және (немесе) олардың лауазымды адамдарының, (немесе) қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану бөлім басшысының немесе аудан (қала) әкімінің атына мына интернет ресурстарындағы [selhoz-bko.gov.kz](http://selhoz-bko.gov.kz) мекенжайына жолданылады.

Шағым жазбаша нысанда почта арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жұмыс күндері қолма-қол қабылданады.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөнін, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орнын көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Шағымда:

жеке тұлға – оның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), почталық мекенжайы;

заңды тұлға – оның атауы, почталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі.

Шағымға қызметті алушы қол қояды.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға почта арқылы жолданады не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Портал арқылы жүгінен кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны бойынша алуға болады.

Шағымды портал арқылы жолдаған кезде көрсетілетін қызметті алушыға «жеке кабинетінен» өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады, бұл ақпарат көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, шағымды қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) жаңартылып отырады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес сотқа жүгінуге құқылы.